

Қазақстанда қымыз өндірісінің көлемі артты. Жылдың алғашқы екі айының қорытындысы бойынша 11,8 пайызға өскен. 2026 жылдың қаңтар-ақпан айларында 215 тонна қымыз өндірілді, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23 тоннаға көп. Ал шұбат өндірісі 22,2 пайызға азайды. 2026 жылдың алғашқы екі айында 206 тонна шұбат өндірілді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 58 тоннаға аз.



### SALTANATTY SÄT



## ЕЛ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТҚАН ЕРБОЛ

Ақордада XIV Қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитов пен оның бапкерлерін марапаттау рәсімі өтті. Жаһандық бәсекеде отандасымыз алтын және қола медаль жеңіп алған.

Мемлекет басшысы Ербол Хамитовты XIV Қысқы Паралимпиада ойындарындағы (Италия) жоғары спорттық жетістіктері үшін III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады. Туризм және спорт министрлігіне қа-

расты Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының жаттықтырушылары Василий Коломиец пен Антон Ждановичке «Парасат» ордені, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Үміт»

мүмкіндіктері шектеулі жандарға арналған спорт клубының жаттықтырушысы Аслан Тоқбаевқа «Құрмет» ордені табысталды.

▶ 2

### TOSYN TABIĠAT



## ҚАР ЕРІП, ҚАУІП КӨБЕЙДІ

Петропавлда су басу қаупі туындаған жағдайда жедел әрекет ету үшін Жұмысшы кенті мен Бірлік шағынауданында жедел штабтар құрылды. Облыстық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, бұл шағынаудандарда еріген қар суы тұрғындарға қауіп төндіруі мүмкін. Қазіргі уақытта тиісті қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.

▶ 2



## ҒАСЫР ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН БАСЫЛЫМ

Қызылжарда көптен күткен ақжарылқап күн – «Soltüstik Qazaqstan» газетінің 105 жылдық мерейтойына орай «Мағжаннан басталған жол» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оқушылар сарайындағы алқалы жиынға Президенттің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, алыс-жақыннан келген ғалымдар, журналистика саласының ардагерлері мен көзі қарақты оқырмандар қатысты.

▶ 4-5



ЖАҢАРЫП КӨНЕ, ТҮРЛЕНЕР  
ДАЛА ГҮЛДЕНІП

▶ 6



ЖИ АДАМДЫ  
АЛМАСТЫРМАЙДЫ,  
ТОЛЫҚТЫРАДЫ

▶ 10

### YNTYMAQTASTYQ – YRYSYMYZ

## СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Франция Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Сильван Гиоге бастаған делегациямен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Франция арасындағы өзара құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынастардың тұрақты дамып келе жатқанын атап өтті. Бұл үрдіс өңіраралық ынтымақтастықтың нығаюына да оң ықпалын тигізуде.

Атап айтқанда, өткен жылдың қорытындысы бойынша облыс пен Франция арасындағы тауар айналымы 23 есеге ұлғайды. Экспорттың негізгі бөлігін кара металл бұйымдары құраса, өңірге Франциядан көлік құралдары мен ауыл шаруа-

шылығы техникалары импортталады.

Сонымен қатар денсаулық сақтау саласында нәтижелі жобалар жүзеге асырылуда. Францияның қаржылай қолдауының арқасында өңірде 16 телемедициналық кешен іске қосылып, ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігі артты.

Кездесу қорытындысында тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру, сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инновациялар және мәдениет салаларында тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады.

Облыс әкімінің  
баспасөз қызметі.



Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Оқу-ағарту министрі:  
«2027 жылы 1 және 5 сыныптарға арналған жаңа оқулықтар шығару, 10-11 сыныптардың оқулықтарын өзектендіру жоспарлануда. Ал 2028 жылы 2 және 6 сыныптарға арналған жаңа оқулықтар шығарылмақ».

### AUYL ŞARUAŞYLYĠY

## ӨНІМІ ҚАЗДЫҢ КӨЛ-КӨСІР

Петропавл қаласында «AYUL FEST. Қаз шаруашылығы – 2026» атты II халықаралық этнофестивалі өтті. Бұл іс-шараның басты мақсаты – ауылдық жерлерде тұратын тұрғындардың кірісін арттыру, жаңа кәсіп бастауға жол ашу және қаз шаруашылығы саласындағы заманауи тәжірибелермен бөлісу.

Фестивальді облыс әкімдігі мен «Ауыл» партиясы бірлесіп ұйымдастырды. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Қанат Дүзелбаев қатысты. Алқалы жиынның теріскейде өткізілуі кездейсоқ емес. Өйткені облыста 10-нан астам астам құс фабрикасы жұмыс істейді, онда жыл сайын жарты миллиард жұмыртқа мен 8 мың тонна ет өндіріледі.

▶ 3